

**Қаржы жоспарын және қолма-қол ақша тасқынын болжамдау жөніндегі N 1 Нұсқаулыққа енгізілген өзгертулер мен толықтырулар**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 130 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 17. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр*

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5                    ж ы л ғ ы                    3                    м а у с ы м д а ғ ы  
N 211 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

*2. "Қаржы жоспарын және қолма-қол ақша тасқынын болжамдау жөніндегі Нұсқаулыққа енгізілген өзгертулер мен толықтырулар" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 130 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы маусымда N 17 тіркелген)...*

-----

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жаңа Бюджеттік сыныптаманың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 239 бұйрығымен бекітілген қаржы жоспарын жасау және қолма-қол ақша тасқынын болжамдау жөніндегі қолданылып жүрген Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

## I. "Жалпы ережелер" бөлімінде

- 1-тармақ "Министрліктер (ведомстволар) рұқсаттарының" деген сөздерден кейін "министрлік берген (ведомствоаралық) рұқсаттардың және төменгі бюджеттік қаржыларды бөлушілер рұқсаттарының" деген сөздермен толықтырылсын.

## II. "Айқындамалар" бөлімінде

- 4-тармақтағы "мекемелерге" деген сөз "бюджеттік ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 6-тармақтағы "мекемелердің" деген сөз "ұйымдардың" деген сөзбен ауыстырылсын.

## III. "Қаржы жоспарлауы" бөлімінде

- 8-тармақ "салалық" деген сөзден кейін "департаменттер және" деген сөздермен толықтырылсын, "баптардың" деген сөз "сыныпшалар мен ерекшелемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 9-тармақ "салалық" деген сөзден кейін "департаменттер және" деген сөздермен толықтырылсын, "Бас қазынашылық басқармасы" деген сөз "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 14-тармақтағы "әрбір бапқа" деген сөздер "әрбір сыныпша мен ерекшелемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 15-тармақтағы "Бас бюджет басқармасы" деген сөздер "Мемлекеттік бюджет департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын.

## IV. "Қолма-қол ақша тасқынын болжамдау" бөлімінде

- 18-тармақтағы "сыртқы экономикалық қызметтің" деген сөздер "валюталық операциялардың және сыртқы борыш мониторингінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 20-тармақ "2-қосымша" деген сөздерден кейін "Қолма-қол ақша тасқынын болжамдауға арналған экономикалық көрсеткіштер бюджеттік сыныптамаға сәйкес келуі тиіс" деген сөйлеммен толықтырылсын.

## V. "Қазынашылық рұқсаттарының тоқсандық берілімі" бөлімінде

- 22-тармақтағы "бөлімдер мен баптардың" деген сөздер "экономикалық сыныптама мекемелерінің, бағдарламаларының, кіші бағдарламалары мен ерекшелемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 24-тармақтағы "Бас қазынашылық басқармасында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықта" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 25-тармақтағы "апта сайын" деген сөздер "айына бір-екі рет" деген

сөздермен, "мекемелердің" деген сөз "бюджеттік ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын, "Бұл практика табыс келтірудегі, жағдаят жақсарғанша жалғаса береді" деген сөздер алынып тасталсын.

VI. "Рұқсаттарды қайта қарау" бөлімінде

- 26-тармақтағы "Бас бюджет басқармасы" деген сөздер "Мемлекеттік бюджет департаменті" деген сөздермен, "бірдей баптардың" деген сөздер "бір сыныпша мен ерекшелемеменің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 27-тармақтағы "Бас бюджет басқармасы" деген сөздер "Мемлекеттік бюджет департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын. "Қазынашылықтың" деген сөздің алдынан "Қаржы министрлігі жанындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

VII. "Рұқсат берілген лимиттерді әрбір министрліктің ішінде бөлу" бөлімінде

- 28-тармақтағы "мекемелердің" деген сөз "бюджеттік ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 29-тармақтағы "мекеме" деген сөз "ұйым" деген сөзбен, "алты қатарлы" деген сөздер "жеті қатарлы" деген сөздермен, "үш" деген сөз "төрт" деген сөзбен ауыстырылсын;

- 30-тармақта

бірінші абзацтағы "мекеме" деген сөз "ұйым" деген сөзбен, "Бас қазынашылық басқармасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың" деген сөздермен, "бюджеттік бапқа" деген сөздер "экономикалық сыныптамааның ерекшелемесіне" деген сөздермен, "бапқа" деген сөз "ерекшелемеге" сөзбен ауыстырылсын;

- бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтар енгізілсін:

"Министрлік (ведомство) бюджеттік қаражатты бөлушінің өкілеттіктерін төмен тұрған (бағынысты) бюджеттік ұйымға берген жағдайда соңғысына, өз кезегінде, төмен тұрған қаржы жұмсаушы бірліктер (бюджеттік ұйымдар) бойынша лимиттер бөлініп, 2-а нысаны бойынша (N 10 қосымша) төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің рұқсаты жазып беріледі. Қаржы жұмсаушы бюджеттік ұйымдар арасында әрбір ерекшелеме бойынша бөлінген бюджеттік қаражаттың жалпы сомасы 2-нысан бойынша министрліктің (ведомствоның) рұқсатында да әрбір ерекшелеме бойынша көрсетілген сомаға тең болуы тиіс. Төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің рұқсаты үш дана етіп толтырылады, олардың біріншісі бағынысты бюджеттік ұйымға, екіншісі облыстық қазынашылық басқармасына арналған, үшінші данасы бюджеттік қаржыларды бөлушіде қалады.

Бір министрлік (ведомство) өзінің бюджеттік қаражатының бір бөлігін басқа министрлікке (ведомствоға) бөлген жағдайда ол министрлікаралық (

ведомствоаралық) рұқсат (2-б нысаны, 11-қосымша) береді. Министрлік аралық ( ведомствоаралық) рұқсат үш дана етіп толтырылады, олардың біріншісі алушы министрлікке (ведомствоға), екіншісі - Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылыққа арналған, үшінші данасы шығарушы министрлікте ( ведомствода) қалады. Министрлік (ведомство) экономикалық сыныптаманың әрбір ерекшелемесі бойынша министрліктер (министрлік аралық рұқсат) және бағынысты ұйымдар (министрліктің рұқсаты) арасында бөлген бюджеттік қаражаттың жалпы сомасы тұтастай министрлік (ведомство) бойынша Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық рұқсат берген (Қазынашылық рұқсаты) л и м и т т е н а с п а у ы т и і с ;

- Бағынысты ұйымдарында шығындар сметасын немесе бюджетте көзделген шараларды атқару жөніндегі қаржы операцияларын жүргізуге арналған ағымдағы шоттары (бюджеттік шоттардың орнына) бар министрліктер (ведомстволар) 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап ағымдағы шоттарын жауып, бюджеттік шоттар ашуы қажет. Сондай-ақ шығындарға арналып бекітілген лимиттерді бағынысты ұйымдарға дейін жеткізу тетігін осы Нұсқаулыққа сәйкес келтіруі тиіс;

- екінші абзац бесінші абзац болып есептелсін, "мекемелердің" деген сөз " бюджеттік ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 31-тармақ мынадай сөйлеммен толықтырылсын: "Нақ сонда министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша бөлінген бюджеттік қаражат сомасы көрсетіледі. Төмен тұрған бюджеттің қаражатты бөлушілер де 3- нысан бойынша (6-қосымша) бөлімінің есебін жүргізіп отырады".

#### VIII. "Қаржы міндеттемелерін бақылау" бөлімінде

- 32-тармақтағы "мекеме" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын, "2- нысан бойынша" деген сөздерден кейін "2-б нысаны бойынша министрлік аралық рұқсат және 2-а нысаны бойынша төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің рұқсаты" деген сөздермен толықтырылсын, "бапта" деген сөз " ерекшелемеде" деген сөзбен ауыстырылсын.

#### IX. "Жедел мәліметтер беру" бөлімінде

- 33-тармақтағы "мекеме" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын, "(8- қосымша)" деген сөздерден кейін мынадай сөйлеммен толықтырылсын: " Бюджеттік қаражатты бөлушінің өкілеттіктері төмен тұрған бағынысты ұйымға берілген жағдайда жедел мәліметтер бұл ұйымға әр айдың үшінші жұмыс күніне беріліп отырады, ол өз кезегінде жиынтық жедел мәліметтерді министрлікке ( ведомствоға) бесінші жұмыс күнінен беріп отырады", "әрбір бюджеттік бапқа бөлімге, параға, тарауға" деген сөздер "әрбір мекемеге, бағдарламаға, кіші бағдарламаға, экономикалық сыныптаманың ерекшелемесіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

- 35-тармақтағы "мекемелердің" деген сөз "бюджеттік ұйымдардың немесе

төмен тұрған бюджеттік қаражатты бөлушілердің" деген сөздермен, "баптардың" деген сөз "әрбір мекеменің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның, экономикалық сыныптама ерекшелемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 36-тармақтағы "баптардың" деген сөз "әрбір мекеменің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның, экономикалық сыныптама ерекшелемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

- мынадай мазмұндағы 39-тармақ қосылсын:

"Осы Нұсқаулықтың шығуына байланысты, шығын кестелерімен қаржыландырудан бюджеттік қаражатты жұмсауға арналған лимиттердің бекітілген Қазынашылық рұқсаттарына кезеңдеп көшуге қарай, мына нормативтік құжаттардың күші жойылды деп танылсын:

- Қаржы министрінің 1979 жылғы 31 қаңтардағы N 8 бұйрығымен бекітілген Қазақ КСР Мемлекеттік бюджетін жасау мен атқару Ережелерінің 10-бөлімінің А "Қазақ КСР республикалық бюджеті бойынша шығындарды қаржыландыру" бөлімшесі;

- Қазақ КСР Қаржы министрінің 1980 жылғы 6 наурыздағы N 19 бұйрығымен бекітілген "Республикалық бюджет бойынша жылдық тағайындалымдардың тоқсандар бойынша бөлінімін жасаудың, шығындарды қаржыландырудың және атқару барысында енгізілетін өзгертулердің есебін жүргізудің тәртібі туралы" Нұсқаулық.

**Қаржы жоспарын жасау және қолма-қол ақша тасқынын  
болжамдау жөніндегі Нұсқаулыққа енгізілген  
өзгертулер мен толықтырулар**

1-нысандағы 3 "Қазынашылық рұқсаты" қосымшасы  
- "мекемелерге" деген сөз "бюджеттік ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

1. "Қазынашылық рұқсаты" нысанын толтыру тәртібінде  
- үшінші абзацтағы "мекемеге" деген сөз "Министрлікке (ведомствоға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

- төртінші абзацтағы "бюджеттік сыныптаманың бөлімдері мен баптары" деген сөздер "он белгіден тұратын бюджеттік сыныптама коды: құрам - 3 сан, бағдарлама - 2 сан, кіші бағдарлама - 2 сан, экономикалық сыныптаманың ерекшелемесі - 3 сан" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 8-абзацтағы "баптың" деген сөз "ерекшелеменің" деген сөзбен ауыстырылсын;

- мынадай мазмұндағы абзац енгізілсін:

"Жазып берілген рұқсаттың аяқталған әр парағы нөмірленіп, парақ бойынша шығарылған жиынтығы қол қою арқылы расталуы тиіс. Рұқсаттың соңғы парағына мынадай мазмұндағы мәтін жазылады: Қазынашылық рұқсаты (

парақтардың саны санмен және жазумен көрсетілсін), жалпы сомасы (сомасы санмен және жазумен жазып көрсетілсін) жазып берілді. Бұдан әрі осы рұқсатты жазып беретін жауапты атқарушының қолы, Республикалық бюджетті қаржыландыру басқармасы бастығының қолы болады және дайын болған құжат Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың басшылығына қол қоюға беріледі".

5-нысандағы 4 "Бюджеттік қаражаттың лимиттерін өзгертуге берілген тапсырыс" қосымшасы

- "Бас бюджет басқармасы" деген сөздер "Мемлекеттік бюджет департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. "Министрліктің (ведомствоның) рұқсаты" нысанын толтыру Тәртібінде - бірінші абзацтағы "мекемелерге" деген сөз "бюджеттік ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

- үшінші абзацтағы "үш" деген сөз "төрт" деген сөзбен, "мекеменің (оған министрлік берген) коды" деген сөздер "Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық тұжырымдап жасаған, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың Анықтамасында көрсетілген, бюджеттік ұйымға берілген 0001-ден 8999-ға дейінгі жеке ведомстволық код" деген сөздермен, "мекемеге" деген сөз "бюджеттік ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

- мынадай мазмұндағы абзац енгізілсін:

"Жазып берілген министрлік (ведомство) рұқсатының аяқталған әр парағы нөмірленіп, парақ бойынша шығарылған жиынтығы жауапты атқарушының қолы арқылы расталуға тиіс. Рұқсаттың соңғы парағына мынадай мәтін жазылады: Министрліктің (ведомствоның) рұқсаты (парақтардың саны санмен және жазумен көрсетілсін) жалпы сомасы (сомасы санмен және жазумен көрсетілсін) жазып берілді. Бұдан әрі жауапты атқарушының, қаржы-экономикалық басқарма (бөлім) бастығының қолдары болады және дайын болған құжат министрліктің (ведомствоның) басшылығына қол қоюға беріледі".

3-нысанның 6 "Лимиттердің бөлінуін бақылау кәртiшкесі" қосымшасында

- "(бап)" деген сөз "ерекшелеме" деген сөзбен ауыстырылсын;

- 2-бөлімдегі "мекемелер" деген сөз "ұйымдар" деген сөзбен ауыстырылсын, "бюджеттік ұйымның рет саны" деген сөздерден кейін "(республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың Анықтамасынан)" деген сөздермен толықтырылсын.

3 "Лимиттердің бөлінуін бақылау кәртiшкесі" нысанын толтыру Тәртібінде

- бірінші абзацтағы "бапқа" деген сөз "ерекшелеме" деген сөзбен, "бапты" деген сөз "ерекшелемені" деген сөзбен ауыстырылсын;

- үшінші абзацтағы "мекемелерге" деген сөз "ұйымдарға" деген сөздермен

ауыстырылсын, "рет нөмірлері" деген сөздерден кейін "республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық тұжырымдап жасаған Анықтамасынан" деген сөздермен толықтырылсын, "сериялық" деген сөз "рет" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-нысанның 7 "қаржы міндеттемелерін (ҚМ) бақылау кәртiшкесі" қ о с ы м ш а с ы н д а

- "бап" деген сөз "ерекшелеме" деген сөзбен ауыстырылсын;  
- 1-бөлімдегі "Мекеме" деген сөз "Бюджеттік ұйым" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

4 "қаржы міндеттемелерін (ҚМ) бақылау кәртiшкесі" нысанын толтыру Т ә р т і б і н д е

- бірінші абзацтағы "бапты" деген сөз "ерекшелемені" деген сөзбен, " мекемемен" деген сөз "ұйыммен" деген сөзбен ауыстырылсын.

6-нысанның 8 "Жедел мәліметтер" қосымшасында  
- "Мекеме" деген сөз "Бюджеттік ұйым" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

№ 2-а "Төмен тұрған бюджет қаржыларын бөлушінің рұқсаты" нысанын т о л т ы р у Т ә р т і б і

Нысан төмен тұрған бөлушінің бюджет қаржыларын оларды жұмсаушы бірліктер арасында қайта бөлуіне арналған.

Осы нысанды толтырған кезде мыналарды ұстау қажет:

- алғашқы үшін сан министрліктің (ведомствоның) кодын, одан кейінгі төрт сан - қаржы жұмсаушы бірліктің кодын білдіреді, ал бөлшек арқылы рұқсаттың р е т н ө м і р і н і ң с а н д а р ы ж а з ы л а д ы ;

- "код" шаршысында жеті қатарлы номер көрсетіледі, алғашқы үш сан министрліктің (ведомствоның) кодын, соңғы төрт сан - осы рұқсатты шығарған төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің кодын білдіреді;

- 1, 2, 3, 4, 5-бағандар 1 "Қазынашылық рұқсаты" нысанын толтырғандай етіп т о л т ы р ы л а д ы ;

- төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің рұқсатына қол қою және бекіту тәртібі 2 "Министрліктің (ведомствоның) рұқсаты" нысанына қол қою т ә р т і б і м е н б і р д е й .

Төмен тұрған бюджеттік қаржыларды бөлушінің рұқсатын (2-а нысаны) басқа рұқсат беру арқылы ғана өзгертуге болады.

№ 2-б "Министрлікаралық (ведомствоаралық) рұқсат" нысанын толтыру т ә р т і б і

Министрлікаралық (ведомствоаралық) рұқсатты толтырған кезде мыналарды ұ с т а н у қ а ж е т :

- нөмірдің алғашқы үш саны рұқсатты шығарған министрліктің ( ведомствоның) кодын білдіреді, төртінші "9" саны - рұқсаттың басқа министрлікке ( ведомствоға) берілгенін көрсететін ерекшелеу белгісі, содан кейінгі үш сан - министрліктің ( ведомствоның) коды, ал бөлшек арқылы рұқсаттың рет нөмірінің сандары жазылады;

- 1, 2, 3, 4, 5-бағандар 1 "Қазынашылық рұқсаты" нысанын толтырғандай етіп т о л т ы р ы л а д ы ;

- министрлікаралық ( ведомствоаралық) рұқсатқа қол қою және бекіту тәртібі 2 "Министрліктің ( ведомствоның) рұқсаты" нысанына қол қою тәртібімен бірдей.

- министрлікаралық ( ведомствоаралық) рұқсатты (2-б нысаны) басқа рұқсат беру арқылы ғана өзгертуге болады.

*Қ а з ы н а ш ы л ы қ      б а с т ы ғ ы н ы ң*

*бірінші орынбасары*

*Б ю д ж е т      ж ү й е с і      ж ө н і н д е г і  
э д і с т е м е л і к      ж ұ м ы с*

*бөлімінің бастығы*

1 0 - қ о с ы м ш а

№ 2-а нысан

**Төмен                    тұрған                    бюджеттік                    қаржыларды  
бөлушінің рұқсаты**

Күні \_\_\_\_\_

Кімге \_\_\_\_\_

/ а л у ш ы н ы ң    а т а у ы /

/бағынысты алушының тұрған жері/

Министрлік \_\_\_\_\_

Коды \_\_\_\_\_

Сізге осы рұқсатта белгіленген лимит шегінде бюджеттік қаражат есебінен өзіңізге шығын жөнінде қаржы міндеттемелерін алуға рұқсат етілді.

Осы рұқсаттың күшінде болу мерзімі 199\_\_\_\_ жылғы 31 желтоқсанға дейін, осы рұқсат бойынша қосымша шығындарға жол берілмейді.

*Б а с ш ы* \_\_\_\_\_

*/қолы/*

Бюджеттік|Жылға жоспар.|Бұдан бұрын |                    |Жыл басынан|Ескерту  
сыныптама|ланған    рұқсат|рұқсат    етіл.|\_\_\_\_\_|бері    рұқсат|  
коды        |                    |гені                    |рұқсат    | етілгені    |



				етілгені	
1	2	3	4	5	6

Барлығы

11 - қосымша

№ 2-б нысан

**Министрлік аралық (ведомствоаралық)**

рұқсат № \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_

Кімге \_\_\_\_\_  
/алушы министрліктің /ведомствоның/ атауы/

Министрлік /ведомство/ \_\_\_\_\_

Сізге қаржы жылына белгіленген лимиттер шегінде шығындар жұмсауда рұқсат етілді.

Осы рұқсаттың күшінде болу мерзімі 199\_\_\_\_ жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Сізге шығындарды өзіңізге белгіленген лимит шегінде бағынысты ұйымдарға бөлуге рұқсат етіледі.

*М и н и с т р л і к т і ң*

*/ведомствоның/ басшысы \_\_\_\_\_*  
*/қолы/*

Бюджеттік сыныптама коды	Жылға жоспар ланған рұқсат	Алдын ала берілген рұқсат	Ағымдағы рұқсат	Жыл басынан бері рұқсат	Ескерту етілгені
1	2	3	4	5	6